



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

САПА БОЙЫНША САЯСАТЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің миссиясы - түрік тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардың жастарына бір шаңырақ астында терең тарихи құндылықтарға және демократиялық, зайырлы қоғам негіздеріне сүйене отырып, заман талаптарын қанағаттандыратын деңгейде білім беріп, оларды ұлттық және рухани құндылықтарға берік, адам құқықтарын құрметтейтін, төзімділік, достық, ынтымақтастық маңызын түсінетін маман ретінде қалыптастыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшылығы сапа бойынша саясатында:

1. Университет мәртебесін әлем мойындаған таңдаулы оқу орындарының дәрежесіне жеткізуді көздейді.

Әлемнің QS рейтингінде академиялық репутацияны көтеру мақсатында халықаралық ЖОО қауымдастығына, мамандықтар ассоциацияларына және басқа ұйымдарға мүше болуды көздейді, жекелеген мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын халықаралық аккредитациядан өткізу арқылы білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық интеграциялық процестерін дамытады, білім беруді көп тілде (қазақ, түрік, орыс, ағылшын) жүзеге асыруға ұмтылыс жасайды.

2. Оқыту, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының сапасын ұдайы жақсартуды негізгі мақсат деп санайды.

Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар дайындау, ғылым, білім және өндірістің тығыз ықпалдастығы негізінде университеттің зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту, адам ресурстарын және басқару тиімділігін жетілдіру, қоғамдық қатынастарды дамыту және білімгерлерді әлеуметтік қолдау, университеттің инфрақұрылымын және ақпараттық-коммуникациялық ресурстарын дамытуға ұмтылыс жасайды.

3. Ұлттық және әлемдік деңгейлердегі қоғам мүдделерін қанағаттандыруға көп мән береді.

Түркістан өңірінің мәдениетін, экологиялық жағдайын жақсартуға, экономикасын дамытуға үлес қосуға, сонымен бірге еліміздің рухани, тарихи және мәдени мұраларын зерттеуге, сақтауға, қорғауға және әлемге насихаттауға ұмтылыс жасайды.

Университет негізгі қызметін қоғам мүддесін назарға ала отырып тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырады, қоғамның әрбір мүшесінің өмір бойы білім алуына қолдау көрсетіп үлес қосады.

4. Қолданыстағы сапа менеджменті жүйесін үздіксіз жетілдіруді қажет деп санайды.

ИСО 9001 ХС және TQM (сапаны жалпыға ортақ басқару) талаптарына сәйкес ХҚТУ мүмкіндіктерін және тұтынушылар мен өзге де мүдделі жақтардың талаптарын қанағаттандыру дәрежесін үнемі анықтау, бағалау арқылы қолданыстағы сапа менеджменті жүйесін ұдайы жетілдіру, басшылық лидерлігі негізінде сапа саясатын жүзеге асыруға барлық қызметкерлерді жұмылдыру бағыттарында жақсарту жұмыстарын жүргізеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ
Президенті, профессор

У.Абдибеков

Басылым 4, № 1 данасы.
«13» қараша 2014 жыл. № 213 бұйрыққа 1-қосымша



А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖУМЫС ДАНАСЫ